

ӘОЖ 1 (091) (570)

П.М. Сүлейменов, Ж.Е. Мырзабеков
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, филос.ғ.к.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты
E-mail: murzabek_@mail.ru

Жаһандану жағдайындағы Қазақстан қоғамы және М.Х. Дулати мұрасы

Тәуелсіз мемлекеттің қоғамдық-мәдени, рухани жаңаша ойлау кеңістігіндегі Дулати сынды ұлы тұлға көзқарастарының өзекті сипаты мен рухани-әлеуметтік мәселелерді шешудегі маңызын, рухани-адамгершілік тәрбиелеудің философиялық мазмұнын ашуға, М.Х. Дулати шығармашылығының рөлін анықтауға құрылған. Негізгі нәтижелері ретінде М.Х. Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегінің бүгінгі руханиятымыздағы салалық маңызы мен ұлы тұлға көзқарастарының бүгінгі таңда да өзекті сипатта екендігін талдап, түйінделген ғылыми толғамдарды атауға болады. Мақаланың негізгі кілт сөзі (Key word) ретінде Дулати (Dulati) алынып отыр. Өйткені Дулати бүкіл түркі халықтарына ортақ тұлға ретінде саналады. Осындай ұлы ойшыл шығармашылығының ұлттық мәдениетіміз бен тәуелсіз еліміздің руханиятында өлшеусіз маңызға ие екендігін дәлелдеп, әсіресе түркі және қазақ өркениеттерін ортақ сабақтастықта қарастырып, түйіндеулер ұсынғандығын ғылыми жаңаша пайым деп қабылдауға болады. Сонымен қатар ұлы ойшыл еңбегінің тек тарихи құндылығын ғана емес, тәлім-тәрбиелік сипаттағы мазмұнының өскелең ұрпақ тәрбиесіндегі өзіндік рөлі сараланады. Мақаланың басты ғылыми тұжырымдары Дулати дүниетанымының негізгі тұтқасы болып табылатын әділдік, адамгершілік ұғымдарын талдаудан келіп шығады. Болашақ ұрпақтарымыздың бойына кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін тәрбиенің бастау көзі ретінде «Тарихи Рашиди» еңбегін дәріптеу қажет. Бүгінгі күрделі діни ахуалға байланысты имандылық сипатындағы ойларының да ғылыми маңызы терең.

Бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына ену мақсатында Қазақстан мемлекеті де қоғамдық-саяси даму мен экономикалық өрлеудің, рухани ойлаудың жаңаша көкжиегіне көз тігуде. Осы тұрғыда, бірқатар өзекті рухани-әлеуметтік мәселелерді шешуде ұлы философ, ғұлама тарихшы, жан-жақты парасаттылық пен кемел білім иесі М.Х. Дулати шығармашылығының философиялық маңызы ерекше екені даусыз. Мақалада түркі өркениетінің ұлы тұлғасы М.Х. Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегінің қазақ ұлттық философия тарихындағы рөлі қарастырылады. Аталған еңбектің өскелең ұрпақты тәрбиелеудегі тамаша туынды екендігі, ойшылдың ой-пікірлерінің тәлім-тәрбиелік маңызы сараланады.

Аталған мақалада М.Х. Дулатидың философиялық идеялары, тұжырымдарының жаһандану жағдайындағы күрделеніп кеткен өскелең ұрпақ тәрбиесінде ғана емес, тәуелсіз рухтағы халқымыздың өмір-тіршілігін, әлеуметтік-рухани болмысын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретіндігі дәйектеледі. Сонымен қатар философия тарихының негізін салушы ретінде ғұлама ойшылдың ой-идеялары бүгінгі қазақ философиясының да қалыптасып, дамуына арқау болғандығын анықтап көрсетеді. Ұлы тұлға еңбегіндегі ел билеу ісі мен ел басқарушыға қатысты қасиеттерді санамалап, оның тәуелсіз еліміздің баянды болашағы үшін маңызын талдауға ұмтылуы да мақала мазмұнын тереңдете түседі. М.Х. Дулати шығармашылығындағы дін мәселесі де өзектілігімен құнды. Өйткені бүгінгі діни ахуал күн өткен сайын күрделеніп, мемлекет дамуына, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өз әсерін тигізуде.

Zh.E. Myrzabekov, P.M. Suleymenov
Kazakhstan society of globalization and heritage M.H. Dulati

Kazakhstan in order to enter the top 50 most developed countries has to relook social-political development and economic growth, moral values in a new and different way. In this respect philosophical significance of M.Kh.Dulati's creative work as a great philosopher, famous historian, versatile personality is not to be underappreciated.

The article analyzes the significance in the history of the Kazakh national philosophy of the famous work «Tarikh Rashidi», authored by M.Kh.Dulati, the outstanding personality of Turkish literature.

The article discusses the philosophical ideas and scientific calculations M.H.Dulati, which are reflected not only in the era of globalization has become more complicated in the upbringing of the younger generation, who also provide the opportunity for in-depth study of the independent spirit of the people, his life, his social and spiritual portrait. In addition, the detailed analysis of the scientific views of a prominent thinker as the founder of the history of philosophy that influenced the development of modern Kazakh philosophy.

П.М. Сулейменов, Ж.Е. Мырзабеков
Казахстан в эпоху глобализации и наследие М.Х. Дулати

В целях вхождения в число 50-ти конкурентоспособных стран Республика Казахстан развивает общественно-политическое и экономическое направления, поднимает на новый уровень духовное мышление. С этой точки зрения особенно важно в решении ряда актуальных духовно-социальных проблем философское значение творчества великого философа, ученого-историка, высокообразованного человека М.Х. Дулати.

В статье анализируется значение в истории казахской национальной философии знаменитого труда «Тарихи Рашиди», М.Х. Дулати, выдающейся личности тюркской литературы.

В статье рассматриваются философские идеи и научные выкладки М.Х. Дулати, которые нашли свое отражение не только в усложнившемся в эпоху глобализации воспитании подрастающего поколения, которые также дают возможность для всестороннего исследования духа независимого народа, его жизнедеятельности, его социально-духовного портрета. Наряду с этим подробно анализируются научные взгляды выдающегося мыслителя как основателя истории философии, повлиявших на развитие современной казахской философии.

Бүгінгі түркілік дүниетаным басқа өркениеттер секілді жаһандану үрдісін қабылдауда. Жаһанданудың үлкен толқыны ең алдымен өркениеттік құндылықтарымызға қауіп төндіруде. Осы тұрғыда, әйгілі үнді тұлғасы Махатма Гандидің «Мен өз үйімнің өте әдемі, әсем болғанын қаламаймын, керісінше, мүмкіндігінше түрлі халықтардың мәдениеттері есіп тұрса деп ойлаймын. Бірақ, ешбір мәдениеттің ұлттық құндылықтарымыз бен мәдениетімізге нұқсан келтіруіне жол бермеймін» - деген сөзінің мәні артып отыр.

Әрбір халықтың ұлттық танымы мен рухани болмысы тарих беттерінде өзіндік ойлы көзқарастарымен дараланып, ойлау жүйесінде дербес қолтаңбасын қалдырған ұлы ғұламалар есімімен тығыз байланысты. Дегенмен, ұзақ жылдар еңсемізді езген бодандық пен отаршылдық түрліше рухани күйзелістерге алып келді. Дегенмен, армандаған азаттық таны атып, еңсемізді тіктеп, жоғалтқанымызды түгендеп, асылдарымызға жоқтау салып, ұлттық мұраттарға қадам бастық. Ұлт тарихында ғана емес, адамзат тарихында жалпы рухани байлықтың қайнар көзі саналатын асыл мұраларымызға да ерекше көзқараспен қарап, терең түсінуге тырысудамыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев: “Біздің ұлттық мәдениетімізде де жалпы азиялықтарға тән биязылық, өткенге салауаттылық жасау, үлкенді сыйлау, жасқа қамқорлық, қысылғанға қол ұшын беру, ағайынның ауызбіршілігін сақтау-бәрі-бәрі де бар. Ендеше сол ұлттық мәдениетімізді ұлықтап, бар мен жоғымызды түгендеп, жүйелеп, келер ұрпаққа аманаттау-“Мәдени мұра” бағ-

дарламасының басты мақсаты болуға тиіс,” [1,49 б] - екендігіне ерекше назар аударып, «Егер мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекетімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларынан түсінгеніміз жөн» [2,320 б] – деп, орынды атап өтіп, рухани мұраларымызды жаңарту үшін, оны жаңа көзқараспен толықтыру керектігін айтып өтеді.

Бұл тұрғыда мәдениетіміз бен тарихымыз үшін ең бір құнарлы еңбектің бірегейі - халқымыздың тұңғыш тарихшысы атанған М.Х. Дулатидың “Тарихи Рашиди” кітабы. ХҮ ғасырдың Ұлы ескерткіші болған, орталық Азия тарихына арналған М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі түбі бір түркі халықтарының екі ғасырлық тарихына қатысты деректі тарихи шығарма болғандықтан оған қызығушылық артып, бүгінгі таңда өзі жерленген Үндістаннан бастап Пәкістан, Иран, Өзбекстан, Тәжікстан, Англия, Франция, Германия, Ресей, т.б. елдерге танымал болып отыр.

Орыс шығыстанушыларының арасында алдымен зерделене бастаған аталмыш еңбек туралы академик В.В. Бартольд: «М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегін ХҮІ ғасырдың тарихи - әдеби ескерткіші болып табылады және Шығыс Түркістан тарихы бойынша аса маңызды деректердің бірі» [3, 73б.] – дейді. Соңғы уақытта дулатитану ғылымы жаңаша байыптау мен дамуға көшуде. Түркі тілдес халықтардың барлығына ортақ тұлға ретінде танылып келген Дулатидің арғы тегі қазақ екені дәлелденіп, ұлттық тарихшы ретіндегі қабілеті туралы біршама ғылыми еңбектер жазылуда. Белгілі шығыстанушы тарихшылар

С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов «Тарих-и Рашидиді» жинақтап айтқанда, орта ғасырлық мұсылман тарихнамасындағы Қазақ хандығының ерте тарихын баяндайтын жалғыз шығарма ретінде бағалады. Ал орта Азияны зерттеуші П.П. Ивановтың ойынша «Тарих-и Рашиди» – ХУ-ХҮІ ғасырлардағы Моғолстан өмірі туралы мәліметтерге негіз болатын жалғыз дерек деген қорытындыға келеді [4; 42 б.].

Ал, қазақстандық шығыстанушылардың бірі В.П. Юдин бұл еңбектің қазақ тарихы үшін орасан зор маңыздылығына, құндылығына тоқтала отырып, былай деп жазған еді: «Қазақтар туралы мәліметтер «Тарих-и Рашидиде» айтарлықтай көп-ақ. Онда Керей мен Жәнібек көшіп кеткенге дейінгі Шығыс Дешті Қыпшақ тарихына қатысты мәліметтер де бар. Мұхаммед Хайдар сондай-ақ Керей мен Жәнібектің көшіп кетулері туралы да мәлімдейді және осыған байланысты қазақтардың өздерінің аттарын өздеріне неге қабылдағандарын да түсіндіреді. Алғашқы қазақ хандары туралы, қазақ-моғол және қазақ-өзбек қатынастарындағы одақтастық және жауласулар туралы, Моғолстанды басып алу үшін шын мәнінде қазіргі Киргизия территориясын басып алу үшін күрестегі қазақтар мен моғолдардың тайталасулары туралы, Жетісудың, Түркістанның және т.б. елдердің тарихигеографиясы мен топографиясы бойынша материалдар «Тарих-и Рашидиде» тіптен мол. Оның үстіне Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати негізінен қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қазақтар туралы да айтады және Дешті Қыпшақтағы олар туралы ештеңе де білмейді деуге болады. Жоғары да айтқанымыздай оның айтарлықтай ауқымды мәліметтерін ХУ-ХҮІІІ ғғ. қазақ халқы тарихын зерттеушілерден бастап елдің бәрі пайдаланып келеді. Бірақ олар толығымен игеріліп бітті деп айтуға болмайды. Оның қазақтар туралы мәліметтерін зерттеуге байланысты көптеген жұмыстар әлі алда...» [5, 37 б.]. Біздің міндетіміз ұлы ғұламаның тарихқа қатысты маңызды жайттарын емес, онда қамтылған өзекті ойлардың философиялық астарын арнайы ашып көрсету болып табылады.

Белгілі философ ғалым Ж. Молдабеков өзінің «Рухани тұлғалық - тарихтағы бір алып» атты мақаласында: «Бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати өмір сүрген дәуірдің ХУ-ХҮІ ғ.ғ.

адамзат тағдырының тауқыметі асқынған кезең, рухани жұтаңдықтың дәуірі, билік пен байлық үшін күрес, атамекен жай үшін, сыртқы тартыстың шиеленісе түскен кезі, қазақ мемлекетінің құрылып, нығая бастаған тұсы болатын. Үлкен алыс-жұлыстың, ірі араздық пен табан тіресінің асқынған шағы. Өзі білмес, икемсіз тобыр өмірді де, өнерліні де қор етті. Өмір мен адам мәселесін, әсіресе адам өмірін қайта бағалауға кереғар заманның қыспағы, қолшоқпар адамның надандығы мәжбүр етті, ал тіршілік тынысын кеңейтер қасиеттер ынталандырды. Моғол мемлекеті қарапайым халыққа жәбір көрсетіп, жағдайларының жақсаруына еш мүмкіндік бермеді. Дұрыс емес әрекеттер үстем болды. Әділетсіздік, сатқындық, көреалмаушылық сияқты болмыстың құпияларын білген сайын, Мұхаммед Хайдар Дулати мемлекетті басқарудағы әрекеттер мен заңдылықтардың қыр-сырларын соғұрлым аша түсті» [6, 182-183 бб.] – деп жазады.

Өз заманының нағыз дипломаты, саясаткері ретіндегі тұлғасын айқындаған М. Дулати адами болмысты терең меңгеріп, түрліше терең ойлардың жаршысы бола білді. М. Дулатиді тұңғыш тарихшы ретінде мойындатқан «Тарихи Рашиди» шығармасында руханият мәселелерінің қайсыбірі болмасын терең зерделеніп, шынайы оқиғамен өрнектеліп, пайымдалады.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, М.Х. Дулати шығармашылығы да іргелі зерттеулер нысанына айналып, ең бастысы ұлттық руханиятымыздағы, құндылықтарымызды келешек ұрпаққа аманат етудегі рөлі арта түсті. Зерттеуші ғалым Б. Қалыбекова «М.Х. Дулати шығармаларында адамгершілік, адам құндылықтары, әлем, дүние, өз замандастары туралы үлкен философиялық толғаныстар, пайымдаулар бар. Әсіресе Мұхаммед Хайдар Дулатидің әдеби тілі, кітабының мазмұны, ондағы тарихи бүкпесіз дәлелдер, автордың өз шығармасына деген үлкен жауапкершілігін, білімдарлығын, ұлылығын айқын көрсетеді. Қазақ ғалымдары үшін бұл мұраны танып білу, біздің өткен тарихымыз бен мәдениетімізді, философиялық дүниетанымымызды, әдебиетімізді, сондай-ақ тарих философиясын түсіну үшін үлкен маңызды ғылыми дүниелердің бірі болмақ» [7; 100 б.]. деп түйіндесе, ғалым Қ. Бейсенов: «Еліміздің тәуелсіздікке бет бұрған өтпелі

кезеңінде ұлттық философиялық дүниетанымды кешенді түрде зерттеу үшін қолайлы жағдайлар туып отыр. Осы мүмкіндіктерді толық пайдаланып, түркі тектес халқының етек-жеңі жиналмай жатқан философиялық санасын, көшпелі өмір салтының рухани кеңістігінде бастары қосылмай тарыдай шашырап жатқан ғақылиятты ой маржандарын жинақтап, арнайы ғылыми жүйелерге түсіре отырып, Мұхаммед Хайдар Дулати кезеңіндегі ақын-жыраулардың, ойшылдардың және т.б. философиялық сананың қайталанбас ерекшеліктеріне арқау болған рухани құбылыстар ретінде көрсету – бүгінгі күннің талабынан туындап отыр. Сондықтан, сол кездің өзінде де, көкірек көзі ашық, көңілі ояу, әпсаналық ой кешуге бейім тұрған М.Х. Дулати сөз өнерінің философиялық, танымдық тағылымын өте жақсы білген. Біздің заманымызға сан ғасырлар қойнауынан халық зердесі арқылы келіп жеткен шығарманың философиялық астарын ашып көрсету - бүгінгі күнгі ұлтжанды философ ғалымдардың қасиетті парызы» - деп ойын ашып көрсетеді. [8, 210 б.]

Ал, жалпы кісілік құндылық болып табылатын: салауаттылық, инабаттылық, ізеттілік, ар-ұятты болу, қайырымдылық, парыз, халқын сүю, елін қорғау, әдептілік, имандылық, арнамыстылық, ата текті қадірлеп қастерлеу, адамзаттық адамгершілікті қасиеттерді ардақтау, ерлік ұғымдары тәлім-тәрбиеде кісілік өлшемдердің көрсеткіші деп санасақ, осынау ізгі қасиеттерге баулуда М.Х. Дулати шығармаларынан алар тәлім тәрбие мол. Осы тұста белгілі ғалым Қ. Менлибаев өзінің «Патриотизм және ұлтаралық қатынас мәдениеті» атты мақаласында былай дейді: «Ерлік пен елдік, Отаншылдық пен сүйіспеншілік, ынтымақ пен бірлік, жан тазалығы мен адал достық – бәрі де Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларынан орын алған, осының өзі – болашақ ұрпақтарымыздың бойына кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін тәрбиенің бастау көзі. Жақсылық, әділеттілік, достық, махаббат сияқты әмбебапты кісілік қасиеттермен қатар, М.Х. Дулати шығармаларында мұсылмандық, имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рақымдылық және т.б. құндылықтар жайлы айтылады» [9, 8 б.]

Дулати дүниетанымының кеңдігі ойшылдың өмір жайлы, адамның өмірдегі орны, қоғам дамуының даму ерекшелігін терең түй-

сінуге деген талпыныстарынан бастау алады. Шындығында М. Дулати көзқарасы, арман-мұраты мен қоғамдық-саяси, рухани мақсаты халық мәдениетінен нәр алады да, философиялық адамгершілік пен ізгілікке айрықша мән беретін Шығыс мәдениеті арқылы толықтырылды. Ең бастысы, Дулати дүниетанымы қос мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтары негізінде қалыптасып, адамдармен тығыз қарым-қатынаста болуымен және өмір теперішін көп көруімен ұшталып, кемелденді. Осы арқылы өзгенің өмірін толық түсініп, өзінің рухани ішкі «Менін» қалыптастыра алды. Халық тағдырын өз тағдырындай қарап, қоғамдық-саяси өмірге бей-жай қарай алмаған Дулати өзі де текті әрі ықпалды адамдардың қамқорлығының арқасында ел билеу ісіне араласады. М.Х. Дулатидің тұлғалық келбеті, моральдік-этикалық көзқарастарының дамып, мемлекет қайраткерлігінің негізінің қалануында бөлесі, атақты Бабыр, Сайд хандарды ойшылдың өзі де ерекше атайды. Ұлы адамдар ғана ұлы істерді атқара алады деген ұлағаттың көріністерін Бабырдың ойшылға сіңірген еңбегі, тәрбиесі арқылы түйсінуге болады. Және бұл жағдайды Дулатидің өзі де еңбегінде қайыра айтып отырады. Және, екі ойшылдың еңбектеріндегі үндестік, терең мазмұн мен философиялық көзқарастар осының дәлелі. Тарих-и Рашиди» еңбегінде «Патшаның маған деген қамқорлығының арқасында мен басымнан өткен ауыр күндерді есіме алуыма да уақытым болмады» [10, 12 б.], - деп ешқандай бос уақытының болмағандығын, Бабырдың өзінің әдебиет, өнер иелері туралы жан-жақты біліммен қаруланып, өмір философиясының қалыптасуындағы теңдессіз еңбек сіңіргендігін болғандығын айтады. Ал, М. Дулати өз шығармасында: «Он үш жасымда Сұлтан Саид ханның қызметінде болдым. Оның маған деген әкелік мейірімі жетімдіктің қайғы-қасіретін көрсетпеді. Оқу, жазу өнерінен, өлең шығарудан, шығарма жазудан, сурет салудан, алтынмен аптаудан, сондай-ақ басқа да қолөнер түрлерінен: асыл таспен безендіру, ағаш оюдан, зергерліктен, таспа тілуден, оқ жону, садақ ию, сауыт, кездік соғудан, жабу, ат әбзелдерін жасаудан қатарластарымның арасынан алдыма жан салмадым, құрылыс жұмыстарында, ағаш ұсталығы мен ісінде аса шеберлікке жеттім. Қолөнердің барлық түрлерін меңгергенім сон-

дай, бұл кәсіптің шеберлері маған шәкірт болуға да жарамайтын, осының бәрінде хан мені сүйеп, қолдап отырды» -дей келіп, ханның ел билеу ісіндегі көреген қасиеттерімен қатар, өзіне істеген жақсылықтарын аса жоғары тебіреніспен баяндайды [10, 42 б].

Әрбір дәуірде болмасын адам тәрбиелеу, әсіресе, жас ұрпақтың бойында ұлттық сезім мен құндылықтарды жете сіңіру, даму жағдайына орай адам тұлғасын қалыптастыру өз өзектілігін жойған емес. Осы орайда, ХХІ ғасырда да жас ұрпақты ұлттық рухани құндылықтарымызбен тұлға ретінде қалыптастырып, жаңа заман адамын тәрбиелеу мен философиялық мазмұнда астарлы қырларын ашып көрсетуде М.Х. Дулати шығармалары мен ойшылдың ғұламалық толғамдарының берері мол. Адамның бойында еркін ойлау ұстанымдарын қалыптастыратын өз философиялық ой-тұжырымдары арқылы философиялық тұлғаға айналған М.Дулатидің әділдікпен күрес жолындағы ғылыми ізденістері әрбір адамның адамдық-тұлғалық тұрғыда оң қалыптасуына өз әсерін тигізеді.

Ұлы ойшыл туралы диссертациялық еңбегінде Б. Қалыбаева М.Х. Дулати шығармаларындағы адам мәселесін философиялық тұрғыда талдай отырып, «Ұлттық сана - қазақ ұлтын бір арнаға тоғыстыратын ұлы күш, ұлттық рухты қозғаушы күш. Ұлттық рухы күшті адам – барлық іске қабілетті. Өйткені, ол адамның басқалардан төмен болуға ұлттық намысы жібермейді. Сонда ғана біз - әрі алғыр, әрі батыл, өз заманының ақыл-ойын толық меңгерген, тайсақтауды білмейтін нағыз ұрпақ тәрбиеледік деп айта аламыз. Сондықтан біз, Мұхаммед Хайдар Дулати бабамыздың жасаған іс-әрекетінен үлгі ала отырып, жазған шығармаларын философиялық тұрғыда талдай отырып, жас жеткіншектерді ұлттық рухы күшті адам ретінде қалыптастыру үшін өз үлесімізді қосуымыз керек деп ойлаймыз»[11, 80б], - деп атап көрсетеді.

Қазақстанның тәуелсіздігін жариялап, егеменді мемлекетке айналуы халықтық тарихымыз бен рухани ойлауымызға да өзгерістер енгізуді талап етті. Өйткені, Елбасымыздың өзі де талай жиындарда өткенге салауат айтып, бүгінгіні қалыптастыруда да кешегі қателіктерді болдырмау, т.б. қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерге байланысты шешімдер қабылдауда

да тарихқа үңілуіміздің қажеттігін қайталап айтып келеді. Қоғамдық-саяси ахуалдың күрделеніп, тәлім-тәрбиелік арналардың бұзылу жағдайына қиналамыз, заман қалай болады екен деп толғанамыз? Осы мәселе талай ғасыр бұрын М.Х. Дулатиді де ойландырып, ойшыл былай дейді:

Қытай кетер кәдімгі тас құдайға табынған,
Заман кетер заңымен, билік кетер тағынан.
Түйеші де кетеді дала кезген, шөл кезген,
Сұлтандар да жоғалар қылығынан ел безген.
Тіршілікті баянсыз жер тербетер,
Сахинаның нақышы сахинамен бір кетер,
Талай-талай көрдік біз бұл өмірдің қақ-сұғын,
Қорқамын мен басылар деп өксігім [10, 171 б.].

Ұлы ойшыл шығармашылығына қатысты жазылған зерттеулердің барлығында да ғұламаның ой-тұжырымдарының тәлімдік мазмұнының тереңдігін айрықша атап айтады. Бұл шындық. М.Х. Дулати өскелең ұрпақты адамгершілік тұрғыда тәрбиелеп, жеке тұлға дәрежесіне көтерілуі үшін орасан мәні бар тәлім-тәрбиелік идеяларды уағыздайды.

«Тарих-и Рашиди» еңбегінде Хұсраилер тарихында: «Кубад» атты «Хұсрауилердің бір ұлы адамы әрі Нуширванның әкесі туралы аңызға» тоқталады. Ол шығармада әкесі баласының парасатты, білімді, әділетті, жомарт болып өскенін қалап, данышпан Қожа Бұзиржмихр деген хәкімге тәрбилеуін өтінеді. Содан кейін Қожа өзі атқа мініп, Нуширванға: «Сен аттың жабуын иығыңа салып, қапталымда үзеңгіге ілесіп, жаяу жүріп отыр»- деп бұйырды.

Үйге жеткесін Нуширванға ұрсып, дүрелеуге бұйырды. Нуширван қатты қорқып, қалтырап жалбырынды. Сонда Қожа: «Бара бергін кешірдім», - деді. Содан соң Қожа оны үйіне алып барып, қатты құрмет көрсетіп, алуан түрлі қызметтер көрсетті. Нуширван мұндай адамгершілікті өңі түгіл түсінде де күтпеген еді.

Саған бұлай жасаудағы мақсатым: «Біріншіден, сен үзеңгіге ілестіріп жаяу жүргізгенім, аты жоқ жаяулардың азабын сезінсін, түсінсін дегенім, өйткені салт аттылар босқа шаба береді де, ал жаяулардың тауқыметі тозақ ұшқынындай ойына кіріп те шықпайды. Екіншіден, саған ашуланып, соққыға жықсын деп бұйырғаным, қайта кешіргенім, содан құтылғаның үшін үлкен қуанышқа бөленгенің

- осының бәрі саған сабақ, егер де сен бір бейшараны сорлатып, қаһарлы дүреге жықсаң, ал мына жағдайдан кейін сен оның бар жайын өзің түсінетін, өзің дүреден құтылған кездегі күніңді есіңе алатын боласың, өзіңе тілемеген нәрсені басқа біреуге де тілемейтін боласың, сондай-ақ сені ашу-ызадан соң, мол дастархан үстіне апарып, лайықты қызмет көрсетіп, құрмет тағына отырғыздым һәм көңілденіп, тартымды дана сөздеріммен сені баурадым. Сен – патшасың, халық сенен дәл осындай әрекет жасауды күтеді. Сондықтан осы жағдайлар есіңе түсіп, менің саған істегенімді оларға да қолдана білсін дегенім - дейді Қожа Бұзиржмихр Нуширванға [10, 197 б.], - деген аңыз түрінде насихат бар. Бұл ойшылдың Платон, Сократ секілді ертедегі грек ойшылдарының дәстүрін жалғастырушысы болғандығын көрсетеді. Ғибратты әңгіме арқылы М.Дулати еңбегінің негізгі желісіне саналатын адам санасынан бұрын жүрегін, өзіндік рухын оятып, өмірлік мақсаты мен адами міндеттері туралы жете ойландыру мәселесін көтереді.

М.Х. Дулати өз шығармасында тек ақындықтың үлгісін көрсетіп қана қоймай, батырлық тұлғасын да даралай түседі. Ол ерлікті дәріптеп қана қоймай, батырлық қуатының молдығы аңғарылады. Дулати мұрасының негізгі өзегі ел басқарған басшылардың қылығын баса айта отырып, оларды сабасына түсіріп отырғаны арқылы көшпенділер тарихындағы дәстүр жалғастығы айқын көрінеді. М.Х. Дулати ақындық өнерімен ғана шектелмей, қарулы күреске қарсы шығуы оның батырлық қырын да сомдай түседі. Оның бойында батырлық пен ерлік қатар жүрген. Ел билеу мен ел басқарушы туралы идеяларды ойшыл өзінің «Тарих-и Рашиди» еңбегінде тереңірек зерделейді. Бұл орайдағы ой-көзқарастары Саид ханның жанында жүріп көңіліне тоқыған, ой тереңінен шыққан шынайылығымен құнды. Дулати пікірінше, адам тұлға дәрежесіне жету үшін, ең алдымен жүректі оятып, Алланы сүю, оған деген махаббат тудыру қажет, ал оның негізінде Аллаға деген сенім жатыр деген идеяны паш етеді.

Жалпы Мұхаммед Хайдар Дулатидің аталған шығармасы жеке адамды тұлға дәрежесінде қалыптастыру барысында имандылық, ізгілік, т.б. тәрбиелік мәні зор өсиеттерге толы. Адамгершілік пен рухани байлықтың өлшемі – кісілікке жету, адамшылық қасиеттерге кір шал-

дырмай, мәнді өмір кешу – Мұхаммед Хайдар Дулати шығармашылығының басты тақырыбы болып қала береді. М.Х. Дулатидің аталмыш еңбегіндегі адамгершілік құндылықтарды саралағанда жас ұрпақ бойындағы патриоттық сезімді қалыптастыруда мүмкіндіктері мол көркем туынды екенін айқын бағамдадық. Әсіресе, жаһандану процесі мен түрліше саяси қақтығыстар орын алған күрделі қоғамда ел ертеңін арқалайтын өскелең ұрпаққа адами қасиеттерді ұлы ойшылдар еңбегі арқылы мазмұндап, тәрбиелеу - өзекті мәселелердің біріне саналып отыр.

Адамгершілік ұғымына адамдарға тән жағымды қасиеттердің бәрі кіреді. Достық, жауапкершілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, кіші-пейілділік, әдептілік, жақсылық пен ізгілік, т.б. Бұлар адамның әрбір іс-әрекетінен, қарым-қатынасынан, ой-түсінігінен көрініс тауып, адам жанын айғақтайды.

Адам мен адам арасындағы қарым-қатынас дүниедегі ең күрделі мәселелердің бірі. Оның сырын ұғуға барша адамзат қашаннан-ақ мүдделі болып келгені белгілі. Бірақ адам жөнінде қанша айтылып, қанша жазылса да, оның сыры әлі күнге дейін түгел ашылып болған жоқ. Адамдар арасындағы қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты, махаббат пен зұлымдықты, адамды сүю мен оның іс-әрекетін, қиял-арманын құрметтеу жайлы мағлұматтарды біз, Мұхаммед Хайдар Дулатидің кітабынан таба аламыз. Сондай-ақ Мұхаммед Хайдар Дулати ішкі жан дүниесінің, мәдениетінің негізгі көрсеткіші - өзінің айналасындағы адамдарға деген сыйластығы, ілтипаты, олардың іс-әрекетін сабырлылық пен салқынқандылықпен қабылдай алуы деп ұққан.

Дулати дүниетанымының маңызды тұтқасы – әділдік, әділеттілік болып келеді. Шындық - қоғамның тұрақты дамуының басты кепілі және исламның негізгі әлеуметтік принципі ретінде сипатталады. Ерлік пен елдік, Отаншылдық пен сүйіспеншілік, ынтымақ пен бірлік, жан тазалығы мен адал достық – бәрі де Мұхаммед Хайдар Дулати шығармаларынан орын алған, осының өзі – болашақ ұрпақтарымыздың бойына кісілік асыл қасиеттерді жинақтауға зор көмек беретін тәрбиенің бастау көзі. Жақсылық, әділеттілік, достық, махаббат сияқты әмбебапты кісілік қасиеттермен қатар, М.Х. Дулати

шығармаларында мұсылмандық, имандылық, сауаптылық, тәубешілдік, рақымдылық және т.б. құндылықтар жайлы айтылады.

М.Х. Дулатидің тарихи философиясының аса маңызды негіздерінің біріне саналатын әділеттілік, сонымен қатар, қоғамның беріктігі мен тұрақтылығының қажетті шарттарының бірі болып табылады. Хисар халқына моғолдардың көрсеткен зорлығын суреттей келе, М.Х. Дулати өзінің кітабында мынадай қорытынды жасайды: «Бұл оқиғаларды баяндауымның мақсаты – билеушілер мен үстемдік жүргізушілерге адам өмірін де, мемлекетті де күйрететін зорлыққа жол бермеудің және мемлекет беріктігінің негізін құрап, өмірді нығайтатын әділеттілік орнатудың қаншалықты маңызды екенін көрсету» [10, 315].

Әділеттілікті, сондай-ақ, исламның басты әлеуметтік қағидаты деп атауға да болады. «Әділет» – Аллаһтың ізгі қасиеттерінің бірі. «Әділеттілік» қоғамның барлық мүшелеріне бірдей ортақ «Аллаһтың әділдігі» ретінде ұғынылады. Ал «Аллаһтың әділдігіне» сену исламның басты талаптарының бірі болып табылады. Құранда әділеттілік тақырыбына көп назар аударылады. Әділеттілік туралы Құранда көптеген аяттар берілген: «Әділетті болыңдар» [12, 91 б.], «Әділдікте нық тұрыңдар...», «Аллаһ сендерге әділетті өкім етуді бұйырады... [12, 91 б.]. Ал Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде әділеттілік қағидаттары адамдар мен қоғамның өміріне қатысты нақтылық сипатқа ие болған. Әділеттілік туралы мынадай хадистер бар: «дінде әділ болыңдар, адамдармен қарым-қатынаста өнегелі болыңдар» [13, 166.]. Бұл хадисте Мұхаммед пайғамбар әділеттілік туралы адамгершілік тұрғысынан насихаттайды, өйткені істер мен әрекеттердегі әділдіктің адамдардың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда зор тәрбиелік мәні бар, адамдардың әділдікке сенімін күшейтіп, қоғамдағы әділеттіліктің үстемдігін нығайтады.

М.Х. Дулати өзінің кітабында әділдікті қоғамның өркендеп дамуының негізі деп қарастыра отырып, мынадай пікір айтады: «...әлемді жаратудың мақсаты болып табылатын адамзаттың тыныштығы мен амансаулығының негізі ретінде Аллаһ жоғары лауазымды билеушілердің әділдігі мен билігін берді. ...Егер билеушінің мақсаты Жаратушының ризашылығына қол жеткізу болса, бұл үшін

әділеттілік пен қол астындағыларға қамқор болудан артық жолды ойлап табу қиын, өйткені алғашқы да, соңғы да, ең ғұлама және ең таңдаулы (пайғамбар) алпыс жылдық құлшылықтан әділеттілік жасауға кеткен өмірінің бір сағатын артық санаған.

М.Х. Дулати әділеттілікті билікпен байланыстырған, биліктің әділеттілігін талап етуді өзінің тарих философиясының басты қағидаттарының біріне айналдырған. Бұл жерде ислам дүниетанымының ықпалы айқын байқалады. Біріншіден, М.Х. Дулати жоғары лауазымды билеушілердің әділдігі мен билігін Аллаһтың ризашылығымен байланыстырады. Екіншіден, әділдікті ұстанған және өзінің қол астындағыларға қамқор болғандар Жаратушы Аллаһтың қолдауына ие болады. Үшіншіден, осы ойдың дәлелі ретінде Мұхаммед пайғамбардың хадистеріне сілтеме жасайды. Егер осы мәселе бойынша ислам діни ілімдерінің ережелерінде «билік – Құдайдан» деген идея насихатталады. Сондықтан билікке бағынып, көнбістік таныту қажет. Тіпті «ислам» деген сөздің өзі араб тілінен аударғанда «бас ию, бойұсыну» дегенді білдіреді. Құранда билікке бағыну туралы былай дейді: Аллаһқа бас иіңдер және пайғамбарға бас иіңдер және араларыңдағы билікке ие болғандарға бас иіңдер» [13, 91б.]. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде билікке бағыну туралы мәселеге көп көңіл бөлінеді және нақты нұсқаулар мен міндеттер белгіленеді. «Қара нәсілді құл болса да, өздеріңнің басшыларыңа бағыныңдар және оны тыңдаңдар» [13, 91б.]. Егер осы хадиске түсінік беретін болсақ, ислам ілімі бойынша, билеушінің нұсқаулары Аллаһтың еркіне – Құранның сөзіне қайшы келмейтін болса, оған бағыну керек. Себебі «билеушілер мен данышпандар – Аллаһтың жердегі көлеңкелері». Сондықтан «лауазымы жоғары адамдарды тыңдау және оларға бағыну – ол ұнаса да, ұнамаса да – әрбір мұсылманның міндеті. Себебі билікке бағыну қоғамдағы тыныштық пен тәртіптің кепілі болып табылады. Осындай мәндегі тұжырымдарды М.Х. Дулатидің кітабынан да кездестіруге болады: «Егер барлық тұрғындары бұйрығына бағынуды міндетті деп санайтын және ешқашан оның нұсқауларынан бас тартпайтын билеуші-сі болмаса, кез келген елдің істері мен тәртібі сөзсіз құлдырауға ұшырайды» [10, 576.]. Жоғарыда

келтірілген үзіндіден біз данышпан ойшылдың тарихтағы билік пен билеушінің әлеуметтік рөлі қаншалықты маңызды екендігін айқындайтын көзқарастарын танымыз.

М.Х. Дулатидің тарихи философиясында да, исламда да жай ғана билікке емес, әділетті билік идеясына баса назар аударылады. Халық билеушінің үстемдігін мойындап, оған бағынуы үшін, ол мемлекет басқару ісінде әділетті болуы және әділ басқаруды орнатуы тиіс. Осындай ой Құранның 4-сүресінің 58-аятында көрініс тапқан: [13, 91б.]. Аллаһ, шын мәнінде, бізге бұйырады..., адамдарға билік айтқанда, әділдікпен билік айтыңыз» [13, 91б.]. Ал әділетсіз билік ислам діни ілімінде үзілді-кесілді айыпталады және жол беруге болмайтын, адамдарға үлкен ауыртпалық әкелетін әрекет ретінде қарастырылады.

Хадистер кітабында әділетсіз билеушілер туралы мынадай түсінік беріледі: «Әділетсіз билеушілер өзінің қолындағы билікті, тіпті дінді де өзінің жеке басының мүддесіне пайдаланады; осы арқылы қоғамдағы тыныштық пен әділдікті бұзып, онда алауыздықты, әлеуметтік ауыртпалықтар мен қайшылықтарды туғызады» [14, 20б.] Хадистерде әділетсіз билеушілерді айыптап қана қоймай, оларға қарсы күрес жүргізудің қажеттілігі туралы айтылады және оларды әшкерелеу мұсылманның қасиетті міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады: «Ең қасиетті жиһад адамның озбыр билеушіге шындықты бетіне айтуы болып табылады» [15, 115б.].

Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегіндегі өрелі ойлардың бүгінгі егемен еліміз үшін маңызы терең екенін жоғарыда айтып өттік. Әсіресе, ел басқару мен патша тұлғасына қатысты санамалаған шарттарының мәні кеңінен зерделеуді қажет ететін, келешек ұрпақ пен болашақ жарқын өмір үшін мән-мазмұны терең рухани мұралардың бірі.

М.Х. Дулати өзі атап көрсететін күнәлардан арылған, жүрек алаңы ашылған жандардың патша тағына отыруға мүмкіндігі бар деп, патшалықты билеудің төмендегідей он шартына тоқталады:

Біріншісі – белгілі бір істі шешерде патша өзін көпшіліктің бірі ретінде, ал басқаны өзіне әкім ретінде қою керек, өзі құптамаған үкімді ол басқаның қабыл алуын лайық деп санамасын.

Екінші шарт: мұсылманның қажетін орындауды патша ғибадат санасын. Пайғамбар бұйырды: «мүміннің көңілін шаттыққа бөлеу – адамдардың барлық ғибадаттарымен тең». Мұсылман патша ұдайы мұсылманның мұқтажын өтеуге дайын болуы керек. Егер бір мұсылман оның есігінің алдында қажеттілікпен келіп, күтіп тұрған болса, ол сол мұсылманның талабын орындамай ешбір жұмысына кіріспеуі керек. Өзі нәпсінің ығына қарай мұсылманның қажеттілігіне немқұрайды қарамауы керек.

Үшінші шарт: ішу және жеуге, киінуге келгенде «Рашиддин халифаларға» еліктеп, ұқсап баққан жөн болмақ, ал әр түрлі тағамдарды жеп, маз болып, ішімдіктер ішіп, көңіл көтеріп, қымбат бағалы киімдер киіп жүруге дағдылану дұрыс емес.

Төртінші шарт: әңгіме барысында сыпайы сөйлеу, себепсіз қатал тіл қатпау һәм естігенде қатты мұнаймау, серігінді көп сөйлеп мезі етпеу, әлсіздермен, пақырлармен сөйлесуге арланбау.

Бесінші шарт: Патша халықты риза ету үшін үкімінде әлсіздік байқатпауға және алдамауға тиіс. Кез-келген адамды риза ету үшін хақ (шындық) және шарифатқа қарсы іс жасамауы керек және мынаны білу тиіс: билік етудің ерекшелігі ұдайы елдің жартысы әкіміне риза бола бермейді, өйткені жауласушы жақты хаққа риза ету де және жалпыхалықтың ашу-ызасын ойламайды, хақ тағаланың ризалығын көздейді. Алла тағала сонда оған риза болады һәм халықты оған риза еткізеді.

Алтыншы шарт: Расул-е-Алла айтқандай патша елге төнген қауіптен қамсыз қалмауға тиіс, ол әмір мен басқарушының билігі мәңгі игілік пен бақыттың құралы екенін нақты білуі керек. Көптеген патшалар мен әмірлер өтпелі дәулетке тәкаппарланып, өз нәпсісін тежемей, дінді ойрандап, иман, арын таптайды. Сондықтан бүгін билік барда дүниедегі дәулетті ахыреттің кіріптарлық дәні етпеуге күш салуы керек. Тура жолға түсіп, әділеттілікке қызмет етуді ғанибет санаған жөн. Әділ патшаның әр күнгі әділетті ісі оның жасаған барлық ғибадаттарымен тең келеді. Сондықтан да ол өзін осындай бақыттан мақұрым қалдырмауға тырысуы тиіс.

Жетінші шарт: патшаның дінді уағыздаушы ғұламалармен дидарласып, сұхбаттасып отырғаны мақұл. Бұл заманда ондай адамдарды табу қиын. Ал егер бақытыңа орай табылып жатса,

олармен кездесуге ынталы болып, олардың насихатын өз өмірінің бақыты деп білуі тиіс және тақуа сипатындағы надандармен, өтірікшілер, пасықтармен сұхбаттасудан аулақ болу керек, өйткені бұл адамдар дінді ойрандаушы болып табылады.

Сегізінші шарт: патша менменсіп һәм тәкаппарланып халықты жәбірлеп, өзінен шошытпауы тиіс, қол астындағыларға, әлсіздерге, игілік, шапағат жасап қара халықтың сүйіспеншілігіне бөленуге ұмтылуы тиіс.

Тоғызыншы шарт: патша қиянатшыл, залым басшылардың қылмысына бей-жай қарамауы тиіс және қасқыр мінезді залымдарды қара халықты басқаруға қоймауға міндетті. Әрі біреуінің зұлымдығы мен қиянатын көрген заматта оған сөгіс беріп жазалауға тиіс, осылайша басқаларға ғибрат етуі керек. Патшалық етуде жұмсақтық, бостық танытпауға және басшылықтағы адамдарды ақыл-кеңесімен де, жазалау жолымен де тәрбиелеуі тиіс.

Оныншы шарт: әкім не патша парасатты болуы керек. Патша болып жатқан оқиғаларға пайыммен, терең үніліп қарауы керек һәм әркім даналық, ақыл, ақиқат алдында оларды тудырған себепті айқындап әрі даналық көзбен олардың зардабын көре білуге тиіс. Егер олар кәдімгі іс болса, шарифат жолымен шешуге міндетті, ал егер мәселе шиелінісіп кеткен болса, оны парасаттылық нұрымен ұғуға тиіс. Осы турасында басқалардың айтқанына сенбеуі тиіс. Өйткені аяқталынатын мәселелерді шексіз пайымдай беру тілімен түсіндіруге болмайды [10, 379-380 бб.].

Қорыта келгенде, М.Х. Дулатидің түркі өркениеті ретіндегі тұлғасы мен тарихи жәдігерлеріміздің мәдени мазмұнын сараптай келе мынадай тұжырымдарды келтіруге болады:

– Тарихи оқиғаларды баяндап отырып, сана мен таным негізінде қорытып, объективті-субъективті факторларды ажырата отырып, философиялық тұрғыда зерделейді;

– Өзі баяндап отырған кезеңдегі ұлы тұлғалар өмірі мен кісілік қасиеттерін болашақ ұрпақ тәрбиелеуде нысана ретінде көрсетіп береді;

– Адам болмысы, адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен адамгершілік қасиеттерді насихаттап, негізгі заңдылықтарын ашып мазмұндайды;

– Өткенінді білмей, өзіңді тани білмейсің деген ұлы қағиданы берік ұстанған ойшыл өз еңбегінде заманды, қоғамды суреттеп, әлеуметтік-саяси жағдаймен астастыра бейнелеп, ақиқатты түрде жабайы, тобырлық мәдениет иесі ретінде танылып келген халқымыздың өркениетті суретін жасайды;

– Ата-бабалардың асыл мұралары мен тарихи тағылымдардың, өнер түрлерінің ғылыми сипаттамасын жасап, тарихына қатысты ұлы ойлар қалдырды;

– Өзі тарихи шежірелеп отырған дәуір болмысы мен адамдар арасындағы достық, ізгілік, меймандостық, т.б. қасиеттерді сол кезеңдегі ел басқарып отырған хан, сұлтан, мауланалар тіршілігімен дәлелді түрде сипаттап, қалалар мен елді мекендердің мәдениеті туралы тың жазбалар келтіреді;

– Түркілік дүниетанымға қазақ ұлтының да тигізген әсер-ықпалдарын

баяндай отырып, қазақ тұрмысы мен ұлттық ерекшеліктеріне, тарихына қатысты деректер келтіріп, философиялық толғамдарын жасайды;

– Дулати еңбегінің объективті сипаты басымы, өз баяндаулары арқылы жалқылықтан жалпылыққа қарай ұмтылады;

– «Тарихи Рашиди» еңбегінде Дулати сол кезеңдегі және өткен тарихи жәдігерлерімізге жүгініп, ондағы деректер мен дәйектемелер негізінде өз пікірлерін келтіретіндіктен, өркениеттің тарихи-мәдени ұласу көріністері айқын;

– Ел басқару ісінде көп қиындықтарды басынан өткерген, осы себепті де ел басқару ісі мен билік басындағыларға қажетті шарттарды көрсетіп, өз топшылауларын береді.

Философия, оның даму арнасы өмір ағысымен қатар өріс алады. Онда өмір мұраты, адам әлемі, еңбек пен уақыт тынысы барынша айқын, жарқын көрініс табады хақ. Бұнда біз сөз еткен тарихи жәдігердің мазмұны, көзқарасы мен қолтаңбасы, дүниетаным иірімдерінің алар орны, үлес-салмағының маңызы зор.

М. Дулатидің шығармашылық мұрасы – қазақ ұлтының өз шаңырағын құрып, жеке хандық құрған, аса ауыр да дүрбелең уақытындағы түркі тілдес халықтардың мәдени-тарихи өмірін шежірелеуден туған, өмір философиясына тұнған, болмыс пен таным туралы,

адам тұлғасы жайлы жан-жақты сыр шертетін философиялық мазмұнымен ерекшеленеді. Әрі ақын, терең білімді ғұлама, ойшыл, қоғам қайраткері, қолбасшы М. Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты еңбегі - өркениеттің барлық мәселелері туралы ой толғаған энциклопедиялық туынды.

«Хұб Нигер ханымның ұлы Хайдар мырза еді. Әкесін өзбектер өлтіргеннен кейін ол үш-төрт жыл менің қасымда болды. Содан кейін рұқсат сұрап, Қашқарияға, ханға кетті. Алтын, күміс, қорғасын Нендей асыл болмасын тартады өз тегіне. Енді ол орнықты, байсалды азамат болып жақсы жолға түсті деп естідім. Жазуға, сурет салуға машық, жебе жасауға, зергерлікке, садақ шыбығын июге қолының ебі бар еді. Ол менен кешірім сұрап хат жазыпты. Сөз саптауы тәуір» - деп Бабырдың өзі жоғары бағалаған, оның артқан үмітін ақтаған М.Х. Дулати өзінің «Тарихи Рашиди» еңбегі арқылы түркі тілдес халықтарға ортақ рухани тұлға болып қана қоймай, бүгінгі таңда да жоғары деңгейдегі рухани көшбасшы болуда. Оның ой ұғымының өзін парасатты ой, көреген ой, шолақ ой деп, ақыл ұғымын парасатты ақыл, зерделі ақыл (зерек), сәулелі ақыл, нұрлы ақыл деп төртке бөліп қарастырғанының өзі оның кемел парасатпен терең ақыл иесі болғандығын айқындайды. Ғұлама дана тұлғаның философиялық ойтұжырымдарының терең екендігіне оның сопылық, адамгершілік, адам табиғаты мен өмір болмысы, өнер түрлері туралы, жалпы мәдениетпен өркениетке қатысты айтқан пікірлері дәлел.

Қазіргі таңда көп ұлтты Қазақстан халқына отансүйгіштік қасиетті қалыптастыратын азаматтық келісім, ұлттық бірлік керектігі жөнінде ел басы Назарбаев та айтқан. Туған халқымыздың тарихына көз жіберсек, Отансүйгіштік (патриотизмнің) керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күн егемен ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі Мұхаммед Хайдар Дулати сияқты ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Жаңа тарих - әлеуметтік жағдайда патриотизм жаңа сипатқа ие болды, өйткені, қазақстанда өмір сүріп отырған барлық халықтар қазақ елі атын иемденіп отырған Қазақстан деген мемлекетке біріктірді. Тағы да айта кететін нәрсе, бүгінгі қазақстандық азаматтардың

қоғамдық санасында отансүйгіштікке қатысты бұрынғы қалыптасқан дәстүр мен қазіргі дәуір мен қазіргі дәуір тағылымдары арасындағы қарама-қайшылық үрдістер байқалады. Бүгінгі таңда адам дүниетанымын қалыптастыратын рухани кеңістіктің көне ата-тектік танымдық - тәрбиелік өзектерден ажырап, одан ада-сып қалғандығында. Өйткені әлі де болса, имандылыққа ұмтылғанымызбен, біз ата-бабадан қалған отаншылдықтың киелі шарттарынан алыс тұрған сияқтымыз.

Қазақхалқы–басқадатүркіхалықтарысекілді қиын да бай тарихты басынан кешірді. Қазіргі таңда өз ұлттық тарихымызды терең танып-білуде ең алдымен рухани байлығымыздың қайнары болған тарихи тұлғалар өмірі мен шығармашылығын зерттеу қажет. Қазақ ұлты - тоталитарлық жүйе қысымын түрік, азербайжан, өзбектерге қарағанда көп көрді. Ғасырға жуық мойнымызға киілген бодандықтың қамытынан тәуелсіздік тұғырына көтерілген кейін ең алдымен жоғалтқанымызды түгендеп, мәдени мұрамызды зерделеуге ұмтылудамыз. Жабайы күн кешкен, көшпенді тұрмыста ешқандай мәдени құндылықтары болмаған ел ретінде бұрмаланған халқымыздың шын мәнінде бай да қызықты тарихы, жоғары мәдениеті, қазақтардың ғана емес әлемдік деңгейде танылған ұлы ғұламалары болғанын дәлелдеудеміз. Тоталитарлық жүйе арқасында ұмытыла жаздаған осындай үлкен мақтанышымыз - М.Х. Дулати бабамыз. Бес ғасыр бұрын ғұмыр кешіп, өз дәуірінің тарихи-рухани шежіресін жазып қалдырған, түркі руханиятына өлшеусіз үлесін қосқан ойшыл шығармашылығы бірқатар зерттеулердің арқауына айналуға. Автор өз еңбегінде Жувейни, Жамал Карши, Рашид Ад-Дин Али Йазди, Абдуразак Самарканди секілді белгілі оқымыстылардың тарихи еңбектерін пайдаланады. Бұлардың барлығы бұл еңбектің нақты мұрағат деректерге сүйенгендігін көрсетумен қатар, тарихи анықтамалық ретіндегі сипатын жоғарылата түседі. Және, Қазақ хандығының құрылуы, Жетісу Шығыс Дешті Қыпшақ мемлекеті туралы, Моғолстанның құлауы және сыртқы жауларға қарсы соғыстардағы қазақтар, қырғыздар мен өзбектердің бірлескен достық одақтастығын көрсетті. Сонымен қатар, XV-XVI-ғасырлардағы Оңтүстік пен шығыс Қазақстанның отырықшылық, қалалық

мәдениетін, әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен Орта ғасырлардағы Қазақстан мен Жетісу жерінің тарихы, рухани келбеті баяндалады. XVI-XX-ғасырлардағы ұлан-ғайыр жерге иелік еткен түрік халықтары тарихының бастауына айналған бұл еңбек көптеген тарихшы, мәдениеттанушы, философ, әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде қолданылса да, бүгінгі таңда мәдени құндылығы арта түсуде.

М. Дулати өз шығармашылығы арқылы терең ойшыл ретінде оның шын мәнінде философ болғандығын және ойлаудың терең тұңғығына, өмірдің қайшылықтарына, бұрылысты кезеңдеріне батыл көзқарас білдірген дана екенін көреміз. Қоғамдық құбылуларға да, көрген қиындықтарына да қарамастан екіжүзділікке қарсы шығып, әділдік үшін күресе білді. Өзінің «Тарихи Рашиди», «Жаһаннаме» шығармаларында да адамгер-

шілік, ізгілік, әділдікті дәріптеді. Ең бастысы өмір мен жеке адамның өмірдегі орнын, мәнін ашуға, дүниедегі мәнін ашуға, қоршаған ортаның адам өмірінде атқарар ролін тануға ұмтылды.

Оның философиялық идеялары, тұжырымдарының жаһандану жағдайындағы күрделеніп кеткен өскелең ұрпақ тәрбиесінде ғана емес, тәуелсіз рухтағы халқымыздың өмір-тіршілігін, әлеуметтік-рухани болмысын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Философия тарихының негізін салушы ретінде ғұлама ойшылдың ой-идеялары бүгінгі қазақ философиясының да қалыптасып, дамуына арқау болғандығы сөзсіз. Бұл дегеніміз өткеніміз арқылы бүгінгімізді танып, зерделеуде Дулати мұрасының маңызды ғылыми ой-парасат мектебі екендігін, оның нәтижелерін қолдандудың ғылыми маңызы зор екендігін айғақтайды.

References

- 1 Nazarbaev N. «Madeni mura» bagdarlamasi memlekettik bagdarlama boluy tiis // Egemen Kazakhstan-2003.- 29-karasha
- 2 Nazarbaev N. Tarikh tolkininda. – Almaty: Atamura, 1999. – 320 b.
- 3 Bartold B.B. Tyurki: dbenadtsat lektsii po istorii turetskikh narodov Crednei Azii. – Almaty, 1993. – S.107.
- 4 Ivanov P. Tyurki. – Moskva, 1965
- 5 Yudin V.P. Tsentralnaya Azia v XIY-XVIII vekakh glazami vostokoveda. – Almaty: Daik-Press, 2001. – S.113
- 6 Moldabekov Zh. Rukhani tulga tarikhtagi bir alip // Mukhammed Khaidar Dulati: Oishil. Tarikhshy. Zhazyshy. Kolbasshy: Khalikaralik gilimi-teoriyalik konferentsiya materialdari. – Almaty, 1999. – 188-189 bb.
- 7 Kalybekova B. Adam ovitinin mani – M.Kh. Dulati shygarmashilinin filosofiyalik ozegi // KazUU khabarshisi. Filosofiya seriyasy. Madeniettanu seriyasy. – Almaty, 2006. - №1.- 98-101bb.
- 8 Beisenov K. Kazakh topiraginda kaliptaskan gakiyatty oi keshu urdisteri. – Almaty: 1994. – 210 b.
- 9 Menlibaev K. Patriotizm zhane ultaralik katinas madenieti // Akikat. – 2000. - № 12. – 3-7 bb.
- 10 Kalybekova B. Ortaqasirlik turki oishyldarinin adam maselesin taldaudaqy M.Kh. Dulati shyqarmalarimen undestiqi // KazUU khabarshisi. Filosofiya seriyasy. Madeniettanu seriyasy. – Almaty, 2006. - №1.- 78-81bb.
- 11 M.Kh. Dulati Tarikhi Rashidi. – Almaty: Tyran, 2003. – 614 b.
- 12 Koran per. s arabskoqo akad. I.Yu. Krachkobskoqo. Predisl. k izd. 1963
- 13 Islam: Entsiklopedicheskiy slobar. – M.: Nauka, 1991. – S. 315
- 14 Khadisy Proroka / Per. i comment. Iman Baleriy Porokhoboi. – 3- izd., pererab. I dop. – M.: Ripol Klassik, 2003. – S. 312
- 15 1001 khadis – Almaty, «ZHelmay» qilimi-audarma ortaliqi, 1991

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс // Егемен Қазақстан-2003. – 29-қараша
- 2 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 320 б.
- 3 Бартольд В.В. Тюрки: двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы, 1993. – С.107.
- 4 Иванов П.П. Тюрки. – Москва, 1965
- 5 Юдин В.П. Центральная Азия в XIY-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.- С113
- 6 Молдабеков Ж.Ж. Рухани тұлға тарихтағы бір алып // Мұхаммед Хайдар Дулати: Ойшыл. Тарихшы. Жазушы. Қолбасшы: Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1999. – 188-189 бб.
- 7 Қалыбекова Б. Адам өмірінің мәні – М.Х. Дулати шығармашылығының философиялық өзегі ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2006. - №1.- 98-101бб.

- 8 Бейсенов К. Қазақ топырағында қалыптасқан ғақиятты ой кешу үрдістері. – Алматы: 1994. – 210 б.
- 9 Менлибаев Қ. Патриотизм және ұлтаралық қатынас мәдениеті // Ақиқат. – 2000. – № 12. – 3-7 бб.
- 10 Қалыбекова Б. Ортағасырлық түркі ойшылдарының адам мәселесін талдаудағы М.Х. Дулати шығармаларымен үндестігі // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. – Алматы, 2006. - №1.- 78-81бб.
- 11 М.Х. Дулати Тарихи Рашиди. – Алматы: Тұран, 2003. – 614 б.
- 12 Коран пер. с арабского акад. И.Ю. Крачковского. Предисл. к изд. 1963
- 13 Ислам: Энциклопедический словарь. – М.: Наука, 1991. – С. 315
- 14 Хадисы Пророка / Пер. и коммент. Иман Валерии Пороховой. – 3- изд., перераб. и доп. – М.: Рипол Классик, 2003. – С. 312
- 15 1001 хадис (таңдамалы). – Алматы: «Желмая» ғылыми-аударма орталығы, 1991